




ҰЛТТЫҚ ДІНДЕР



□ 5 ТАҚЫРЫШ



ҚАРАСТЫРАТЫН СҰРАҚТАР

- Иудаизм: өзіндік ерекшеліктері мен басты ұстанымдары.
 - Қытай елінің діндері: даосизм, конфуцийлік.
 - Жапония жеріндегі ұлттық дін — синтоизм.
- 

ҰЛТТЫҚ ДІНДЕР ҰҒЫМЫ

- «Ұлттық діндер» шартты ұғым. Оған ұлттық шеңберде туған, өзін тудырған этностармен байланысы үзілмеген діндерді айтуға болады, бірақ көбінесе тек белгілі бір этникалық топтардың немесе мемлекеттердің қазіргі діндері қарастырылады. Қазіргі ұлттық діндердің басым көпшілігі политеистік болып саналады, ертедегі діни ілімнің қағидаларын, культті сақтай алған.

ИУДАИЗМ

- Иудаизм - Яһудилік - иудейлік дін тарихы б.з.д. екінші мыңжылдықтар басынан басталатын, адамзаттың рухани дамуында маңызды рөл атқарған ежелгі монотеистік дін. Ол Палестина аймағында өмір сүрген семит (еврей) тайпаларының арасында пайда болған. «Иудаизм» (иврит тілінде «яаадут») – Інжілде айтылғандай 12 израил буынының ішіндегі ең көп тараған Яһуда тайпа бірлестігінің атауынан бастау алады. Яһуда, «Йехуда» - Құдайды мадақтау деген еврей сөзі.
- Бұл еврейлердің ішінде яһуда руы ерекшеленіп, «яһуда» мен «еврей» сөздерінің тең мағыналылығын туғызды.

Б.з.д. XI ғасырларда Яһуда руында Дәуіт (Давид) деген патша болған, оның кезінде патшалық дәуірлеп тұрған. Иерусалимді Дәуіт басып алғанға дейін Джебус деген ханан бекінісі болған. Алғашқы ғибадатхананы Соломон салғызған, қаланы б.з.д. 586 жылы вавилондықтар қиратқан, ұзақ жылдар тұтқында болған еврейлерге парсы патшасы Кир қайтуға және қайтадан ғибадатхана салуға рұқсат етеді, Ұлы Ирод кеңейткен бұл ғибадатхана 70-жылдары римдіктер қиратады.

Б.з. I ғ. бұл жер Рим империясының құрамына кірді. Б.з. 63 жылы Сириядан соғысты басуға шақырылған римдік қолбасшы Помпей елді басып алды. Бұл езгіге қарсы б.з. 132-135 жылы шыққан көтеріліс аяусыз басылып, Иерусалим қаласы үйіндіге айналды. Яһуда аты бұрынғы филистиндіктердің атымен Палестина деп өзгертіліп, оған еврейлердің кіруіне тиым салынды, тек ақша төлеп жылына бір рет ғибадатхананың қирағанынан қалған қабырғаға сүйеніп, оны жоқтауға рұқсат етілді.

Палестина жеріндегі семиттер

4. Восточное Средиземноморье



Израиль в древности

Палестина

XIII в. до н. э. – западно-семитские племена покорили ханаанцев, боролись с филистимлянами.

Израильско-иудейское царство

XII в. до н. э. – союз 12 еврейских племен.

XI в. до н. э. – Израильско-иудейское царство (расцвет – Давид и Соломон)

X в. до н. э. – распад на Израиль и Иудею.

ИУДАИЗМ

Аңызға сәйкес Құдай - Яхве барлық семит халықтарына өзінің заңдарын қабылдауға ұсыныс жасаған, бірақ Құдайдың үндеуіне Исраил тайпалары ғана өздерінің Жаратушысымен тірі парыз қатынасына түсуге келісім береді. Сондықтан «исраил» шақыруға үн қосқандардың барлығының, бір құдайды мойындағандардың және Тора (Таурат) - заң кітабы (ежелгі еврей тілінде Бескітап) немесе Құдайдың патриархтарға, Мұса мен пайғамбарларға берген ілімі арқылы бірігуі дегенді білдіреді.

Иудаизм діні барлық еврейлерді біріктірген ұлттық идеяға айналды. Ол әртүрлі ағымдармен (фарисейлер, кітапқұмарлар, саддуктер, ессейлер, зелоттар) күрес барысында қалыптасты.

ЯХВЕ ҚҰДАЙ

- Яхве (Яху, Яго, Иегова, Адонай) бастапқыда истраилдік политеистік пантеонда айрықша құрметтелген. Бұл есімді жұрт ежелгі құдай атын атауға болмайды деген түсінік бойынша атамайтын, оның орнына Адонай (менің тәңірім) дейтін, кейін яһудилік көне өсиет дәстүрлерін орындаушылар дауысты дыбыстардың таңбаларын ойлап тапқанда Яхве мен Адонай сөздерінің дауыстылары қосылып, Йехева (Иегева) сөзі шыққан.
- Ол жақсылықпен байланысты, жерді жаратушы, найзағай атушы, берекелі жанбыр беруші құдай болды, кейін оның басты құдай болуымен байланысты басқа құдайлардың қасиеттері оған берілді. Ол әділетті Құдай саналды. Ол күнәлілерге өлім жіберіп, нағыз діндарларды қолдап отырған. Яхве өзінің заңдарын мойындамағандарды қатаң жазалап, ал заңдарды мойындағандарды қолдаған. Ол өзі таңдаған еврей халқы үшін оларды жақсы көретін, әрдайым қолдайтын Құдай болды. Яхве еврейлермен ерекше одақ құрып, тек соларды ғана өзінің халқы санады.

ИУДАИЗМНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

- 1. Құдай бар.
- 2. Құдай жалғыз.
- 3. Құдайдың тәні жоқ.
- 4. Құдай мәңгі.
- 5. Яһудейлер тек бір Құдайдың өзіне табынуға тиіс.
- 6. Құдаймен тек пайғамбарлар арқылы ғана байланысуға болады.
- 7. Мұса-пайғамбарлардың ең даңқтысы.
- 8. Таурат (Тора) тәңірдің ықыласы түскеннен кейін пайда болған.
- 9. Таурат ешқашанда өз мағынасын жоймайды.
- 10. Құдай адамдардың барлық іс-әрекеттерін біледі.
- 11. Құдай жамандықты қаралайды, ал жақсылыққа батасын береді.
- 12. Құдай өзінің Мәсіхін (күтқарушысын) жібереді.
- 13. Құдай өлгендерді тірілтеді.

ИУДАИЗМНІҢ ҚАСИЕТТІ КІТАБЫ – ТАНАХ

- Танах иврит тілінде жазылған, христиандар оны «Көне өсиет» деп атайды. Танахтың құрамына б.д.д. XIII-XII ғғ. - II ғ. аралығында жазылған 50 кітап кіреді. Танах үш бөлімнен тұрады: Тора Мұса (ғ.с.) (бес кітап), Нэ- биим (Пайғамбарлар) (жеті кітап), Кэтувиим (Жазба) (он екі кітап). Онда әлемнің және адамның жаратылуы, Құдайдың өсиеттері және еврей халқының пайда болғанынан бастап, «Екінші храмдық ғасыр» басталғанға дейіргі уақытта болған оқиғалар баяндалады. Еврейлер бұл кітаптарды қасиетті рух дарыған адамдарға «руах акодеш» берілгендіктен қасиетті кітаптар деп санайды.

ТОРА – ТАУРАТ

□ Тора (иврит тілінде - заң)– Иудаизмдегі ең негізгі, ең көп оқылатын кітап. Тораның барлық нұсқа-данасы ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін теріге қолмен жазылып келген. Тора синагогалардағы (яһудилердің құлшылық үйлері) ерекше орындарда сақталған. Әлемнің барлық елдеріндегі раввиндер Құдайға құлшылық етер алдында Тораны сүйіп, оның ережелерін ізгі тұтатын болған. Дін ілімін танушылар оның жарыққа шыққаны үшін Құдай және Мұса пайғамбарға мадақ айтады. Олар Құдай Тораны Мұса пайғамбар арқылы жеткізді деп санайды.

ТАЛМУТ

- Талмуд – бірнеше кітап-томнан тұрады. Талмудта екі бөлім бар. Бірінші бөлім – Мишна (қайталау). Бұл – Тораға түсіндірме. Екінші бөлімі – Гемара (толық түсіндіру). Бұл Мишнаның түсіндірмесі. Талмудта қылмыстық және азаматтық сипаттағы заңдар, адамгершілік заңдар, отбасылық және жеке адам өміріне қатысты кеңестер бар. Талмудта 365 тыйым және 248 бұйрық әмірлер жинақталған яһудилік әдет-ғұрыптар жүйесі түзілген.

Таурат пен Талмудта барлық салттар мен ережелер айқын жазылған:

- – сүндетке отырғызу ұл балалар дүниеге келген соң сегізінші күні жасалады. Бұл – Яхвеге сыйынушылар қатарына қосылу белгісі. Сүндетке отырғызуды моголь (сүндетке отырғызушы) атқарады.
- – сенбі күнін тыныштық пен дұға жасау күні ретінде қастерлеу. Ивритте сенбі – шаббат деп аталады. Сенбі күні жұмыс жасауға болмайды (малаха); Ис-әрекеттің шұғыл түрлеріне: (жедел жәрдем, полиция, өрт сөндірушілер және т.б.) рұқсат етіледі. Үйде жұмыс істеуге тыйым салынады. Сенбі күні өлген адамдарды жерлеуге болмайды және т.б. Шаббат басында, яғни жұма күні күн батар кешқұрым мезгілде отанасының батасымен сенбілік шырағдан жағылады. Отбасы синагогаға барады. Үйіне келген соң ол балаларына бата береді және әйелін Соломонның (Сүлеймен) Өсиет кітабының 31-тарауының сөздерімен мадақтайды. Отбасы сенбілік тамақ ішуге кіріседі. Тамақ ішер алдында нан және шарап негізінде бата жасалады. Шаббат күні от жағуға болмайды. Егер от бұрыннан жанып тұрса, онда жанып тұра береді.

– ерекше сиыну кезінде (тфила) дұғаға (кавана) тұтастай берілу керек. Мүмкіндігінше дұғаны көп оқу керек. Дұға түрі көп, әр тамақтың дұғасы әртүрлі.

-ораза ұстау күнәларына опынып, тазаратын немесе апат жағдайларда атқарылатын діни салт. Шехит (ғұрыптық мал сою) тәртібімен сойылған күйіс қайыратын малдардың, үй құстарының ғана етін жеуге болады. Шошқаның, жылқының, қоянның етін және бір мезгілде ет және сүт тағамдарын жеуге тиым салынады. Тамаққа қан пайдалануға тиым салынады, қаны сорғыған ет қана жеу керек. (Шахет-қасапшы мал союдың (шхита), етті бөлшектеудің әдісін үйренеді.

–дәрет алу (жуыну) әр діндар адам үшін сенбі немесе басқа діни мейрамда жаңбыр немесе бұлақ суы толтырылған арнайы бассейнге-микваға жуыну, қайтыс болған адамды жуындыру, синагогаға кіру алдында қол шаю міндетті болып саналады. Яһудилік түсінік бойынша қандай дінді ұстанатынына қарамастан барлық адам үшін ортақ талаптар бар, олар жетеу: -пұтқа табынушылыққа тиым салу, -Құдайға тіл тигізуге тиым салу, -ұрлық-қарлыққа тиым салу, -азғындарға тиым салу, -хайуандарға қатігездік жасауға тиым салу, -соттағы әділеттілікті, адамның заң алдындағы теңқұқығылын талап ету.



Қытай елінің діндері: даосизм, конфуцийлік

- Даосизм - б.э.д. 6-5 ғ. қалыптасқан ілім . Бұл ілімнің негізін салушы Лао-цзы. Мұнда қоғамдық мәселелерге аз көңіл бөлінді. Лао цзының шын аты Ли Эр еді. Ол Чу патшалығында білімді топта туылған. Ол патша сарайындағы император мұрағатының қорғаушы қызметкері еді. Не себепті қызметтен босағанын білмейміз, одан кейінгі өмірі аңызға толы. Рухани тазаруға жетіп, батыс шекарада ғайып болған деседі, бірақ шекарадағы қарауылға 5000 сөзден тұратын трактат айтып жазғызған. Ол трактат бүгін «Дао-дэ-цзин» - «Дао мен дә туралы қағида» деген атпен белгілі.

ДАОСИЗМ

Дао-дэ-цзин аудармалары өте көп, иероглифтердің көпмағыналы болуы, идеяларды түсінікті беру үшін аудармашылардың қосымша жорамал мағыналарды енгізуі нәтижелердің алшақтығына әкелді. Бұл еңбекте басты идея табиғат пен адамдардың өмірі «аспан еркінде» емес, ол дао жолымен өтеді. Дао – бастапқы себеп, соңғы мақсат, болмыстың аяқталуы. Оны ешкім жаратпаған, барлығы одан жаралған және соңында даоға қайта оралады. Ол мәңгілік және шексіз. Даосизмнің рәміздері – Янь мен Инь.

- Даосизм ілімінде – әлем бес алғашқы элементтен тұрады: -топырақ, ағаш, металл, от, су.
- Даосизм діні бойынша: - әлемде табиғи бұзылмайтын реттілік бар;
- -адам сырттай бақылаушы ғана;
- - ешкім дао заңын толық білмегендіктен ең абзалы – «у-вэй» – «әрекетсіздік» жолын ұстану. Тек осы «әрекетсіздік» қана еркіндікке, бақытқа, гүлденуге, жетістікке әкеледі. «Өмір» жалған, «өлім» - даоға қайту, жанның шынайы ойы – бастапқы болмысқа қайту.
- - даоның нақты көрінісі тек «дэ» (ізгілік) күші арқылы ғана байқалады. Егер дао барлығын жаратушы болса, дэ – қоректендіруші.
- - тақуаның мақсаты - даоны тану, ол оны ғарыш үйлесімділігі, адамның табиғатпен қауышуы деп түсінеді.

□ Даосизмнің дінге айналуы шығыстық Хан дәуірінде (б.з.25-219 жылдары) болды. Өйткені:

□ - Қытай Цин әулетінің астына біріктірілгеннен кейін билікке келген Хан әулетіне даосизм идеяларын халық арасына таратушы жалдамалы мемлекеттік қайраткерлер мен саяси кеңесшілердің керегі болмай қалды, енді олар ем-дом жасау, бал ашу сияқты өнерлерімен күнкөріс амалын жасады. Олар өз бетінше әрекет ететін екі топқа бөлінді: магия мен өмір сүруді ұзарту мен ажалсыздыққа қол жеткізуге машықтанады.

□ 2.Бұл—рухтардың иерархиясына сену және құрбандықтар шалу арқылы рухтарды қастерлеуді іске асыру. Бұл ұйымдасқан діннің формасын өзінің ғаламдық сүйіспеншілік пен өзін құрбан ету идеясын уағыздаумен аты шыққан аспан мен рухтар культін қастерлеген Мо-цзы қолдаған еді. Хан әулетінің кезінде мошылардың ықпалы жойылғанмен рухтарға арналған алтарьлар қалды, сөйтіп даосизмде өз алтарьлары мен діни көшбасшылары пайда болды.

□ 3.Чжоу әулеті тұсында салт-дәстүрлерді, рәсімдерді сарай шамандары іске асыратын. Шамандардың сахнадан кетуі діни мейрамдардың жай мерекелерге айналуына себеп болды. Шамандардың орнын фан ши сиқыршылары басты, Хань дәуірінде даосизм өз рәсімдері бар дін ретінде орнығуға мүмкіндік алды.



КОНФУЦИЙ ДІНІ

Негізін қалаған Конфуций (б.з.д. 551-479) «ұстаз Кун» Лу патшалығында (Қытайдың қазіргі Шаньдун провинциясы) туылып, сонда қайтыс болған. Өз аты Цю, Кун рулық аты. Әкесі 3 жаста қайтыс болып, анасы оны жалғыз асырайды. Олар өте кедей болады, Цю 15 жасында ғалым болуға шешім қабылдайды. 19 жасында үйленіп, одан 1 ұл, 2 қызды болады. Өзі оқыған ерте замандардағы кітаптардағы идеяларды жүзеге асыру үшін ол мемлекеттік қызметке тұрып, 10 жылдан кейін өз идеяларын насихаттау жолына түседі. Қытай билеушілері оның нақты ұсыныстарынан бас тартады. Лу патшалығына 70-ке толған кезінде оралып, әрқайсысы бірнеше кітаптардан тұратын «Бес қағида» (Шу-цзин-тарих кітабы, ши-цзин-өлеңдер кітабы, и-цзин- өзгерістер кітабы, чунь Цю-көктем және күз кітабы, ли-цзин-рәсімдер кітабы), «Төрт кітап» (лунь юй-Конфуций таңдамалылары, чжун юн-ақиқат туралы ілім, да сюэ-ұлы ілім, мен-цзы-Мен-цзының еңбегі) деген еңбектерін қалдырады. Бүгінгі күнге дейін олардың қайсысын Кунфуцийдің өзінің жазғаны, қайсысын шәкірттері жазғаны белгісіз. Оның ілімі ІХ ғасырда буддизмді, ХІ ғасырда даосизмді жеңіп, Қытайдың ресми дініне айналды.

Конфуцийлікті тұтас жүйеге біріктіретін «Лунь юй» кітабының идеясы - **жэнь** ұғымы (адамды сүю) конфуцийлік этиканың ұғымы болып табылады. Жэнь ұстанымы: «Өзіңе қаламайтыныңды өзгеге істеме». Жэнь—бұл моральдық мұрат. Мұратқа жету тұлғаның өзгеру үдерісі ли тәжірибесі арқылы жүзеге асады. Ли термині «рәсім, әдет-ғұрып» деп аударылады, Конфуций оған бұрынғы даналардың халықтың санасын ояту, қоғамдық тәртіп орнату үшін ойлап тапқан ерекше формаларын сидырады. Ли жэньді иеленудің бірден-бір жолы. Өзге ұғымдары:

-сяо-ата-анаға құрмет,

-ди-бауырластық сезіммен айналадағы адамдармен өркениетті қатынас жасау,

-чжун-шын берілген сеніммен жоғары тұрғандарға немесе өз еліне өркениетті көзқарас,

-и-борыштылық, әділеттілік сезімдерді іс жүзінде керек уақытта, керек жерде білдіру,

-цзюнь-цзы- мүлтіксіз қасиеттерді бойына жинақтаған мүлтіксіз тұлға.

Конфуцийліктің діни-философиялық негізі алты қағидасы

1. Аспан (Тянь) - ұлы бастау, жоғары тәңірі.
2. Тянь культі бойынша әркім өз міндетіне сай жоғарыдағыларға қатаң бағынуы тиіс.
3. Ата-баба культі. Ол бойынша өлгендердің рухтары отбасы ошағын тастап кетпейді, олардың бас иіп құрметтегенін күткен тірі туысқаны болып қала береді. Әр отбасының өз ата-бабаларының ғибадатханалары (мяо), болмаса ата-бабаларын бейнелейтін қуыршақтар немесе олардың аты-жөндері қара түсті нәрсеге қызыл иероглифтермен жазылған тақтайшалар қойылған шағын альтарлары болады. Ата-бабалар культінде абыздар болып отбасының жасы үлкендері тағайындалатын, ал салт-жоралғылар отбасындағы ірі оқиғаларға атқарылған. Өмірдегі әр маңызды қадам туралы ата-бабаларды хабардар етіп, олардан рұқсат сұрап, бата алу міндетті болған. Бабаларға қан шығарылмаған тамақ түрінде құрбандық беретін, кей кезде ризалық үшін ақша да берілетін, бірақ кейін үнемшіл қытайлықтар оларды суреттерімен алмастырды.

4. Әдет-ғұрыптарды, жазылмаған ережелерді сақтауға айрықша мән беріледі. Осыған сәйкес ли қағидаларын бұлжытпай орындайтын «ізгілікті еркек» туралы ілім пайда болды. Ізгілікті еркек заң бұзбауды ойлайтын, әдет-ғұрыптардың талаптарына сай болуға міндетті адам.

5. Конфуций ілімінде көнені, қытай дәстүрлерін жақсы білу, бұрынғы ұстаздарын тыңдап, құрметтеу, яғни салт-дәстүрлерді қатаң ұстау басты болды. Өзі 300 салт-жоралғыны, 3000 әдептілік ережесін қатаң ұстаған, шәкірттерінен де осыны талап еткен. Ағарту ісіне ерекше мән берілетін.

6. Өмір мақсаты заттардың мәніне жету, оған тек білім арқылы жетуге болады, білім жүрек табиғатын өзгертуге, тәнді жетілдіруге көмектеседі. Білім негізінде жоғары парасат-заң жатыр. Заң бойынша шындық және өтірік бар. Шындықпен жүрген адам тек жақсылық жасайды, жамандықты өтіріктің жолына түскен адам жасайды.



СИНТОИЗМ

□ Жапонияның дәстүрлі діні. Жапонша ол каминомити (күдайлар жолы) деп аталады. Бірақ европалық тілдерге бұл діннің қытайша синто деген атауы бар. Бұл жапондықтардың ежелден келе жатқан салт-дәстүрлері мен сенімдерінің қосындысынан туған дін. Ол политеистік сипаттағы, басқа діндерге қарсылық білдірмейтін, негізін қалаушысы жоқ, бегілі бір тарихи оқиғаға негізделмеген дін. Маңызды үш аспектіні: табиғат сұлулығымен байланысын, көзге көрінбейтін әлеммен ынтымағын, тазару салттарын атай отырып, бұл дінге сипаттама беруге болады.

СИНТОИЗМДЕГІ ҚҰДІРЕТТІ КҮШ ТҮСІНІГІ

- Жапондықтар құдай, тіңір, рух, қасиетті, қорқынышты, күшті деген сөздерді «ками» ұғымымен анықтайды. «Ками» (жапон тілінде – құдай, тәңірі)- жоғары деңгейдегі табиғаттан тыс мән. Ол жаратушы құдайлар деген ұғыммен қатар рухтар дегенді білдіреді. Ками табиғаттағы барлық нәрсеге тән тірі бастама, ерекше энергия.
- Камилердің түрлері:
 - - табиғат рухтары (тау, өзен, жел, жауын және т.б. камилері)
 - - ками деп жарияланған ерекше тұлғалар
 - - табиғатта және адамдарда бар күштер мен қасиеттер
 - -ата-баба рухтары
- Синтоизмде дүниенің үш бөлігі - аспан, жер, жер асты тәңірлерге толы.

Ежелгі Жапонияда әр рудың өз сақтаушысы болып саналатын ата-бабасы (удзигами) болған және қастерленген. Жапондықтар ру тәңірлерінен басқа әр тауды, өзенді, тасты т.б қорғайтын «географиялық» құдайларға сиынды. Фетишизм, анимизм, тотемшілдіктің де күшті элементтері сақталған. Сол себепті синтоизмді политеистік дін деуге болады. Жапонияда құдайлардың мекені қасиетті шың — Фудзияма (Фудзи) жанартауы саналады. Зиярат етушілер тазару үшін осы биік тауға көптеген қиыншылық көре отырып шығады. Оның ұшар басына шыққан адамның жолы болып, ісі оңғарылады деген сенім бар.

Синтоистердің ойынша олардың діні әйел-құдай Аматэрасу, Аматэрасу-о-микамидан—аспанда жарқырап тұрған, көкте билік жүргізген ұлы қасиетті әйел-құдайдан, яғни күннің әйел-құдайынан бастау алады. Аматэрасу синтолық құдайлар пантеонының басшысы. Синто пантеонының жалпы құрылымын туралы тарихи-жылнамалық жинақ «Кодзи» мен «Нихон секи», сонымен қатар VI-VII ғасырларға жататын «Синсэн седзироку» деп аталатын генеалогиялық тізімдер арқылы суреттеуге болады. «Кодзики» еркектік және әйелдік бастауларға ие болған алғашқы тәңірлер—Идзанаки мен Идзанами Еми-но-кунидан (өлілер елі) қашып құтылғаннан кейінгі тазару кезінде тәңірлерді жаратқан. Идзанаки сол көзін сұрткен су тамшысынан Аматэрасу, оң көзін шайғаннан түн және ай құдайы Цикуеми, мұрнын шайған судан желмен су кеңістігінің құдайы Сусаноо пайда болады. Аматэрасу аспанға, Цикуеми түн патшалығына, Сусаноо теңіз астындағы жазықтыққа ие болады. Кейіннен Аматэрасуды императорлар әулетінің бастауы болып саналатын Нинигидің шешесі, бір жорамалда Ниниги оның күйеуі деп таныған. Күні бүгінге дейін жапонияда императорларды құдайдай көру осыдан болса керек.



СЕМИНАР СҰРАҚТАРЫ

- Иудаизм дінінің қалыптасуы және негізгі ерекшеліктері.
- Қытай елінің діндері: даосизм, конфуцийлік.
- Синтоизм.